

Келісемін  
Әдістемелік кеңес отырысында  
ӘК төрайымы  
Анапиянова М.М. \_\_\_\_\_  
2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 хаттама

Бекітемін  
«Терекөл ауданының аграрлық -  
техникалық колледжі» КМҚК басшысы  
Габидулин Р.М. \_\_\_\_\_  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.



## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚҰРУ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОПТАРЫН ҚҰЖАТТЫҚ РЕСІМДЕУ ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережесі**

1.1 Осы Ереже шығармашылық қызметін құру бойынша шығармашылық топтарын құжаттық ресімдеу жұмыс тәртібін айқындайды.

1.2 Шығармашылық тобы пәндер, сабақтар, бағыттары, кәсіптер, мамандықтар бойынша кемінде үш инженерлік – педагогикалық қызметкерлері болған жағдайда ұйымдастырылады.

1.3 Шығармашылық тобы педагогтарды оқу орындардың білім беру жүйесін дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмысына қосуды жүзеге асырады.

1.4 Шығармашылық топтың құрамы мен саны оқу-әдістемелік қызметінің (әдістемелік, педагогикалық кеңесі), директор орынбасарларының ұсынуы бойынша колледж басшысының бұйрығы негізінде анықталады.

### **2. Шығармашылық топтың міндеттері**

2.1 Педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, насихаттау, уақытша шығармашылық топтың маңызды тәжірибесі банкін құру.

2.2 Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың танымдық, ғылыми - зерттеу қызметін негізгі бағыттарын және нысандарын әзірлеу (олимпиадалар, байқаулар, пән апталықтары және т. б.).

2.3 Әртүрлі сабақтардың түрлерін жүргізу әдістемесін жетілдіру және олардың оқу-әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз ету.

2.4 Өз зерттеулерін педагогикалық қоғамдастығында (әдістемелік секцияларда, кеңестерде, педагогикалық кеңестерде, ғылыми-практикалық конференцияларда, педагогикалық оқуларда және т. б.) талқылауға ұсыну.

2.5 Материалдарды баспасөзде жариялау.

2.6 Инженер-педагогикалық қызметкерлердің педагогикалық біліктілігін арттыру.

### **3. Шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру**

3.1 Педагогтардың шығармашылық топтары УШҰ (уақытша шығармашылық ұжым) тәртібінде, топ таңдаған және олар мен ұжым үшін

кәсіби қызығушылығын танытатын тақырыбы бойынша немесе топтағы қатысушылар үшін өте маңызды мәселесі бойынша құрылады.

3.2 Шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру үшін жоғары немесе бірінші санатты инженерлік – педагогикалық қызметкерлердің ішінен жетекшісі тағайындалады.

3.3 Шығармашылық топтар ғылыми-зерттеу жұмысына бейімділігі бар және нақты проблемаға қызығушылық танытқан неғұрлым тәжірибелі педагогтардан құрылады, жас, шығармашылықпен пікірлес педагогтар да қатысуы мүмкін.

3.4 Топ мүшелері ағымдағы жылдың жұмыс жоспарын әзірлейді.

3.5 Оқу жылы ішінде шығармашылық топтың кемінде 4 отырысы жүргізіледі.

3.6 Шығармашылық тобының отырысына осы оқу орнының және басқа да Тжкб ұйымдарының инженерлік – педагогикалық қызметкерлері шақырылуы мүмкін. Отырыста әрбір талқыланатын мәселелер бойынша ұсыныстар қабылданады және олармен одан әрі осы Тжкб ұйымының барлық инженерлік – педагогикалық қызметкерлері танысатын болады.

#### **4. Құжаттар және есеп беру**

4.1 Шығармашылық топты құру туралы бұйрық.

4.2 Оқу жылғы арналған уақытша шығармашылық топтың жұмыс жоспары.

4.3 Білім беру мекеменің басшысы бекіткен шығармашылық топ туралы ереже.

4.4 Шығармашылық тобы отырысының хаттамалары.

4.5 Шығармашылық топ жұмысы туралы есеп.

4.6 Шығармашылық топ әзірлеген басылымдар, ұжымдық монографиялар, брошюралар.

#### **5. Шығармашылық топ жұмысының бағалау критерийлері**

5.1 Өзінің, сондай-ақ басқа да шығармашылық топтары ұсынған жобалардың эксперименттік әзірлеуі жүргізіледі (ОӘК, құралдар, ұсынымдар, ережелер).

5.2 Оларды оқу орнының жұмыс тәжірибесіне (тиімділігі) енгізілуі талданады (сабақтарға қатысу, сауалнама жүргізу, мониторинг)

5.3 Негізіне өзіндік тәжірибесі енген әдістемелік ұсынымдар әзірленеді (білім беру үрдісіне білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларын енгізу және т. б.).

5.4 шығармашылық топ таңдаған тақырыбы бойынша колледжде оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар ұсынылады.

5.5 Басылымда жариялау үшін шығармашылық топта жинақталған озық педагогикалық тәжірибенің материалы ұсынылады.